

## Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 8 шілде N 763. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

Қазақстан Республикасы Президентінің "Геологиялық зерделеу мен пайдалы қазбалар өндіру үшін жер қойнауын пайдалануды ретке келтіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1994 жылғы 5 сәуірдегі N 1637 U941637\_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі қызметінің мәселелері" жөніндегі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 2 шілдедегі N 567 қаулысының 1-тармағына /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж, N 27, 405-бап/ мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

екінші абзацындағы "қамтамасыз ету" деген сөздерден кейінгі "және пайдалы қазбалардың барланған қорын әзірлеу" деген сөздер алынып тасталсын;

төртінші абзацындағы "Мемэкономкоммен" сөзі "Экономминмен" сөзімен алмастырылсын;

бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"минералдық шикізатты өңгіштігіне жеткізуді белгілеу және пайдалы қазбалардың барланған қорын бекіту, пайдалы қазбалар қорының мемлекеттік балансын жасау, расталмаған кен қорларын есептен шығару, кен орындарын жою мен консервациялау";

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"жер қойнауын пайдалануды іске асыру мен лицензиялаудың мемлекеттік жүйесін жүргізуді қамтамасыз ету".

3. "Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 3 тамыздағы N 644 қаулысының /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 31, 473-бап/ күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 8 шілдедегі  
N 763 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасының Геология және  
жер қойнауын қорғау министрлігі туралы

### ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі /бұдан былай - Министрлік/ геологиялық зерделеу, жер қойнауын қорғау мен пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік басқару органы болып табылады. Өз қызметінде министрлік Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне тікелей бағынады.

Министрліктің құрамына Пайдалы қазбалар қоры жөніндегі мемлекеттік комиссия кіреді.

Министрлік Қазақстан Республикасы Үкіметінің жұмысшы органы ретінде мыналар үшін:

- жер қойнауын геологиялық зерделеу мен пайдалы қазбаларды өндіру;
- жер қойнауын пайдалануды іске асыру мен лицензиялаудың мемлекеттік жүйесін жүргізуді қамтамасыз ету;
- Каспий теңізі құрлығының, теңіз суы қоймаларының және шельф аймағының геологиялық зерделеу жайы;
- геологиялық карталарды редакциялау мен баспадан шығару;
- жер қойнауының мемлекеттік қорын басқару;
- пайдалы қазбалардың барлық түрін барлау мен өндіру ісіне инвестицияларды тарту мәселелері жөніндегі салааралық үйлестіру;
- пайдалы қазбаларды іздестіргенде, барлағанда және игерген кезде жер қойнауын ластану мен мезгілсіз сарқылудан қорғау үшін жауап береді.

2. Министрлік өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президентінің актілерімен және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулыларымен, сондай-ақ осы Ережені басылыққа алады.

3. Министрліктің негізгі міндеттері:

- Қазақстан Республикасы жер қойнауын геологиялық зерделеу мен пайдалану жөніндегі қарым-қатынастарды мемлекеттік реттеу;
- минералды шикізат базасын дамытудың, минералдық ресурстарды ұтымды әрі кешенді пайдаланудың және жер қойнауын қорғаудың мемлекеттік

бағдарламаларын жасау;

- ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды және оларды іске асыру кезіндегі бақылау міндетін қосқанда, мемлекет қажеттілігі үшін геологиялық зерттеулер жүргізілуіне мемлекеттік тапсырыс берушінің функциясын жүзеге асыру;

- жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдаланудың және жер қойнауын қорғаудың белгіленген тәртібін сақтауын бақылау;

- жер қойнауын барлау және /немесе/ пайдалы қазбаларды өндіру, жер қойнауын өзге де мақсаттарға пайдалану үшін беру /лицензиялау/ жөнінде және жер қойнауының мемлекеттік қорын басқару жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің жұмыс органы функциясын жүзеге асыру;

- пайдалы қазбалар өндіру үшін, сондай-ақ заңдарда көзделген өзге де мақсаттар үшін жер қойнауын, қойнау учаскелерін геологиялық зерделеу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік есепке алу мен тіркеу тәртібін белгілеу;

- Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай ақпарат жүйесін құру;

- Қазақстан Республикасы жер қойнауының біртұтас мемлекеттік қорын құру және есебін жүргізу;

- минералдық шикізатты өнгіштігіне жеткізуді белгілеу және пайдалы қазбалардың барланған қорын бекіту, пайдалы қазбалар қорының мемлекеттік балансын жасау, расталмаған қорларды есептен шығару, кен орындарын жою мен консервациялау;

- сала кәсіпорындарын мемлекет иелігінен алуға қатысу және меншіктің әртүрлі нысандарында негізделген жаңа құрылымдардың пайда болуы үшін жағдай туғызу болып табылады.

4. Министрлік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

- Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық зерделенуінің есебін жүргізіп, талдау жасайды; жер қойнауының жалпы геологиялық зерделенуіне, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға қажетті мемлекеттік бюджеттік инвестициялардың және жер қойнауын қорғауға арналған қаражаттың мөлшерін негіздейді;

- минералды шикізат кешенінің салалық министрліктерімен бірлесе отырып минералды шикізат базасын дамытудың, минералдық ресурстарды ұтымды да кешенді пайдаланудың және жер қойнауын қорғаудың мемлекеттік бағдарламасын, пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру жөнінде конкурстар жариялау туралы ұсыныстарды әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне тапсырады;

Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық және кешенді жалпымемлекеттік картасын жасаудың бағдарламаларын әзірлеп, жүзеге

а с ы р а д ы ;

- Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен бірлесе отырып Жер қойнауын қорғау мен минералдық шикізат базасын ұлғайтудың Республикалық қорын пайдалану тәртібін белгілейді;

- геологиялық зерделеу, геологиялық, гидрогеологиялық, геофизикалық, маркшейдерлік, талдамалы жұмыстарды, барлық аттестацияланған жер қойнауын пайдаланушылардың сынама алу мен тіркеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуіне құқық алуы үшін жер қойнауын пайдаланушыларды аттестациялаудан өткізеді;

- геологиялық барлау жұмыстарын, заңдарда көзделген өзге мақсатта пайдалы қазбалар өндіруді лицензиялау жөніндегі рұқсат ету құжаттарын әзірлеуді жүзеге асырады ;

- мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып инвестициялар тарту мақсатында пайдалы қазбаларды барлау мен /немесе/ өндіруге лицензиялар алу құқығына конкурстар ұйымдастырады;

- жер қойнауын пайдалануға арналған шарттарды мемлекеттік тіркеуге алады және оларды сақтайды ;

- барлық министрліктерден, ведомстволардан, жергілікті әкімдерден, заңды ұйымдар мен жеке адамдардан, соның ішінде шетелдіктерден жер қойнауын пайдалану құқығын /лицензия/ алуға тапсырыстар немесе жер қойнауы учаскесін барлауға қосу және /немесе/ пайдалы қазбалар өндіруге ұсыныстар қабылдайды, қабылдағаннан кейін олардың арнайы журналда, Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің бюллетенінде жариялануын қамтамасыз етеді ;

- минералды шикізатты өңгіштігіне жеткізудің есептеулеріне және жер қойнауындағы пайдалы қазбалардың қорын есептеу материалдарына сараптама ұйымдастырады ;

- мемлекеттік бюджет қаражатын пайдаланатын заңды ұйымдар мен жеке адамдар орындауға міндетті геологиялық барлау жұмыстары мен жер қойнауын қорғау істерін жоспарлау, жобалау мен баға түзу саласындағы нормативтік құжаттарды әзірлеп, бекітеді;

- Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен және мүдделі министрліктермен бірлесе отырып геологиялық барлау жұмыстары мен жер қойнауын қорғауға жұмсалған шығындардың орнын толтыру ставкаларының мөлшерін белгілеп, геологиялық барлау жұмыстары мен жер қойнауын қорғауды қаржыландыру мен кредиттеу жөнінде нормативтік құжаттарды әзірлейді ;

- Қазақстан Республикасының аумағында жер қойнауын геологиялық зерделеу жөніндегі жұмыстарды жүргізудің белгіленген тәртібін, пайдалы қазбалар мен жер суын шығарғанда, сондай-ақ жер қойнауын заңда көзделген

өзге мақсатта пайдаланғанда, жер қойнауын қорғау мен ұтымды пайдалану саласындағы ережелер мен нормалардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

- қолданылып жүрген заңдарға сәйкес арнайы су пайдалануға рұқсат беріп отырады;

- минералды шикізат базасы мен геологиялық барлау саласын дамытудың тұжырымдамалары мен мемлекеттік басымдылықты бағдарламаларын жасайды;

- мемлекеттік компанияларға мемлекеттік саясат шеңберінде /мемлекеттік нысаналы бағдарламалар/ геологиялық барлау саласының дамуы мен жетілдіруіне көмек көрсетеді;

- экономиканы құрылымдық жағынан қайта құру саясатын белгілеуге қатысады;

- компаниялардың зиян шеккен мемлекеттік кәсіпорындарын ретке салу, оларды қайта құру және тарату туралы ұсыныстар енгізеді;

- саланың стратегиялық міндеттерін шешу үшін жаңа ұйымдық құрылымдарға қаржы /валюта/ қаражатының қажеттілігін негіздейді;

- салалық инвестиция бағдарламаларын жасайды және іске асырады;

- жер қойнауын пайдаланушыларды, басқа да мүдделі заңды ұйымдар мен жеке адамдарды ақпарат жағынан қамтамасыз етеді;

- ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ғылыми-техникалық әзірлемелерді үйлестіреді;

- пайдалы қазбалардың барланған қорларына тау-кен кәсіпорындарының сұранымына сәйкес конкурстық негізде геологиялық барлау жұмыстарына мемлекет қажеттілігін орайластыру саясатын жүргізеді;

- Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өз өкілдері арқылы, мемлекеттік компаниялардың және мемлекет қатысатын компаниялардың байқау кеңестерінің жұмысына қатысады.

5. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі өзіне жүктелген функцияларды басқа министрліктермен, ведомстволармен және қарауына қарай жергілікті өкімет атқарушы органдармен бірлесіп отырып орындайды.

## 6. Министрліктің:

- өз құзыры шегінде Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық жер қойнауын пайдаланушылар орындау үшін міндетті бұйрықтар, қаулылар, ережелер, нұсқаулықтар, әдістемелік сілтемелер және басқа да нормативті актілерді шығаруға; қажет болған жағдайларда басқа министрліктермен бірлескен актілер шығаруға;

- жер қойнауын пайдаланушылардан жер қойнауын геологиялық зерделеу мен пайдалану, лицензияларда көзделген шарттарды, талаптар мен үлгілерді

сақтау туралы белгіленген тәртіппен ақпарат алуға;

- жер қойнауын геологиялық зерделеу, пайдалану және қорғау ережелері бұзылғанда оларды түзету үшін белгіленген тәртіппен шаралар қолдануға, жер қойнауын пайдалану құқығын заңдарда белгіленген тәртіппен тоқтатуға, тежейтуге немесе шектеуге;

- жер қойнауының біртұтас мемлекеттік қорын басқару, геологиялық зерделеу мен жер қойнауын қорғау жөніндегі Министрлік функцияларының бір бөлігін оларға бере отырып, жер қойнауын қорғау мен минералды шикізат базасын ұлғайтудың Республикалық қорының қаражаты есебінен ұсталынатын аумақтық басқармалар құруға;

- банктерде есеп айырысу және басқа шоттар ашуға;

- Жер қойнауын қорғау мен минералды шикізат базасын ұлғайтудың республикалық қорына қаражат аударуға отырып, геологиялық ақпаратты таратуға;

- Қазақстан Республикасының министрліктерімен, ведомстволарынан, ғылыми мекемелерінен, кәсіпорындарынан Министрлік функцияларын орындау үшін қажетті геологиялық зерделеу және жер қойнауын қорғау, минералды шикізатпен қамтамасыз етілуі және оның пайдаланылуы мәселелері жөнінде материалдар, ұсыныстар мен тұжырымдар алуға;

- консультациялар алу үшін мамандар мен сарапшыларды, оның ішінде шетелдіктерді де, контрактілік негізде тартуға құқы бар.

7. Министрлікті "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тағайындалатын Министр басқарады

Министрдің оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайтын орынбасарлары болады.

8. Министрлікте құрамында Министр /алқа төрағасы/, лауазымдары бойынша оның орынбасарлары, негізгі басқармалардың бастықтары және минералды шикізат кешенінің өкілдері болатын алқа құрылады. Алқа мүшелерін Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

Алқа шешімдері Министрдің бұйрықтарымен іске асырылады.

9. Министр:

- барлық мемлекеттік органдарда, ұйымдарда, кәсіпорындарда Министрліктің мүддесін білдіреді, шарттар жасайды, банктерде есеп айырысу және басқа да шоттар ашады;

- штаттық кестені және лауазымды айлықтардың нобайына сәйкес, нормаларға және жұмыс атқарып жүрген қызметкерлер мен мамандардың арақатынасы санына қарамай, аппарат мамандарының айлықтарын бекітеді,

Министрліктің орталық аппаратына белгіленген адам саны мен еңбек ақы қоры шегінде үстемелердің, қосымша ақының, сыйлықтар мен басқа да ынталандырушы сипаттағы төлемдердің мөлшерін дербес белгілейді;<\*>

- Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырады, олардың жарғылары мен ережелерін бекітеді;

- Министрлік құрамына енетін мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларын, сондай-ақ аппарат қызметкерлерін лауазымға тағайындап, л а у а з ы м н а н б о с а т а д ы ;

- мемлекеттік компаниялар президенттері мен ведомствоға қарасты саланың байқау кеңестерінің төрағалары лауазымды талапкерлер жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныстар жасайды.

Ескерту. 9-тармақтың 3 абзацынан сөздер алынып тасталған - ҚРМК-нің 1995.02.06. N 115 қаулысымен.

10. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі оған Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті табыстаған өз қоластындағы бөлімшелердегі мемлекеттік меншікті иелену, пайдалану мен басқару құқығын жүзеге асырады, заңды ұйым болып табылады, Қазақ Республикасының Елтаңбасы бейнеленген және өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі бар, сондай-ақ фирмалық бланктер және геологиялық барлау жұмыстарын тіркеуге, лицензиялар беруге арналған нөмірленген арнайы м ө р л е р і б о л а д ы .

Министрлікті қайта құру мен тарату белгіленген тәртіппен жүргізіледі.